

МҒТАР 16.41.21

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss2pp119-131](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp119-131)

Б.А. Жүнісова¹, Ж.М. Баймұрынов², С.А. Кенжеғалиев¹

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, 100028, Қазақстан

²Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, 100028, Қазақстан

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖАЛҒАУЛЫҚТАР МЕН ФУНКЦИЯЛЫҚ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

Синтаксистік күрделі конструкциялардың грамматикалық компоненттерін байланыстыруда жалғаулық шылаулардың қызметі ерекше, сонымен бір қатарда есімше, көсемше және шартты рай тұлғаларының да аталатыны мәлім. Алайда мұның алғашқысы салалас құрмаластардың, кейінгілері сабақтас құрмаластардың грамматикалық сыңарларын байланыстырады. Бұл – қазіргі грамматиканың мәліметі. Ал тарихи грамматика мәліметі біраз жалғаулықтың етістік категорияларынан қалыптасқанын көрсетеді. Осыдан барып мақалада түрік грамматикасында функциялық етістік ретінде танылып жүрген көсемше тұлғаларының (-а, -са) байланыстырғыштық қызметін қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі жалғаулықтардың грамматикалық функциясымен салыстыру мақсат етіліп, аталған тілдердегі жалғаулықтар мен функциялық етістіктердің ұқсастықтарын анықтау міндеті қойылды. Осы арқылы бүгінгі жалғаулықтардың бірқатары қос тілде де етістік қосымшалары арқылы қалыптасқаны, яғни функциялық етістіктерден орныққаны мәлім болып отыр. Авторлар түркілік тілдерде жалғаулықтардың ертеректе тым аз болғаны, сонымен қоса дені араб, парсы тілдерінен ауысқан кірме тұлғалар арқылы дамығаны жайлы лингвистикалық ұстанымның негізсіз емес екенін зерттеуден алынған осындай нәтиже арқылы бекітуге талпынады. Анығында, функциялық етістіктердің байланыстырғыштық қызметі қазіргі грамматикада да белсенді әрі өзекті. Мақалада бұл тұжырым қазақ және түрік тілдеріндегі қазіргі жалғаулықтарды диахрониялық әрі синхрониялық талдау, контекстуалды талдау және функциялық етістік қызметімен салыстыру әдістері арқылы дәлелденеді. Шағын зерттеуде қозғалған осы жайттар қазіргі түркілік тілдердегі грамматикалық мәселелердің басым бөлігін түркологиялық аспектіде қарау арқылы шешуге болатынын айғақтайды және осы бағыттағы зерттеушілер үшін теориялық құнды мәлімет болады.

Кілт сөздер: шылаудың қызметі, функциялық етістіктер, түрік тілі, қазақ тілі, түркология, жалғаулықтар, қазақ грамматикасының теориясы.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Жалғаулықтардың тіліміздің грамматикалық құрылымында алатын орны ерекше. Олардың сөздерді, әсіресе салалас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыруда атқаратын қызметі айқын көрінеді. Әрбір жалғаулықтың өзіне ғана тән мағынасы, қызметі және қолданылу ерекшеліктері болады. Жалғаулықтардың қызметі мен мағынасын зерттеп зерделеу құрмалас сөйлемнің құрылымы мен семантикалық түрлерін танып білуге жол ашады.

Жалғаулықтар жайлы А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, М.Балақаев, А.Ысқақов, Т.Қордабаев, Р.Әміров, А.Есенғалиева, Ф.Кенжебекова, Қ.Қадашева сынды ғалымдардың еңбектерінен танып білеміз. Ғалымдар көмекші сөздердің нақты мағыналарын, шығу тегін және күрделі сөз тіркестерінің құрамындағы сипатын, сөз таптарының ішіндегі орны мен синтаксистік қызметі жайлы сөз еткен болатын.

Түркология ғылымындағы синтаксистік зерттеулерде, салалас құрмалас сөйлемдерді қоса алғанда, жалпы құрмалас сөйлемдердің грамматикалық түрлері толық танылды дей алмаймыз. Мақала барысында құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдерді

байланыстыруда жалғаулықтар мен функциялық етістіктердің қызметі жан-жақты қарастырылып, нақты мысалдар арқылы дәлелденеді.

КІРІСПЕ

Түркі тілдерінде сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді жалғаулық шылаулар ғана емес, функциялық етістіктер байланыстыра береді. Басқаша айтқанда, жалғаулықтардың қызметін функциялық етістіктер де атқарады. Функциялық етістіктер өзінен бұрын немесе кейін келген сөздермен, қосымшалармен, сондай-ақ шылаулармен қарым-қатынасы жағынан маңызды орын алады. Ғ.Әбуханов педагогикалық училищелердің студенттеріне арнап жазған «Қазақ тілі» оқулығында етістіктерді лексика-семантикалық категориялары мен грамматикалық категорияларына қарай екі топқа бөліп қарастырады. Алғашқысында болымды және болымсыз етістіктерді, есімшелер мен көсемшелерді, салт және сабақты етістіктер мен етістерді, екіншісінде рай және шақ категорияларын бөліп қарастырады [1, 175-188].

Қазақ тіліндегі етістіктерді арнайы зерттеген ғалым Ы.Маманов етістіктерді категорияларына қарай әуелі негізгі етістіктер және функциялық етістіктер деп үлкен екі топқа бөледі [2, 13].

Негізгі етістіктерді іштей түбір етістіктер мен модификациялы етістіктер дейді де, түбір етістіктерге толық лексикалық мағынасы бар етістік сөздерді жатқызады. Оларды тұлғасына қарай бірнеше түрге бөледі. Модификациялы етістіктерге етіс, дүркінді етістіктер, күрделі етістік формаларын жатқызады және бұлардың әрқайсысы іштей бірнеше топқа бөлінуі мүмкін екенін ескертеді.

Түбір етістіктер мен модификациялы етістіктердің айырмасы туралы ғалым былай дейді: «...түбір етістіктерге сөздің лексикалық мағынасын білдіретін бөлігі жатса, модификациялы етістіктерге белгілі қосымшалар немесе көмекші етістіктер арқылы үстеме грамматикалық мағына білдіретін етістік формалары жатады» [2, 13].

Түркологиялық еңбектерде түбір етістіктер мен модификациялы етістіктің ара-жігі толық ажыратылмай, көп жағдайда бірыңғай аралас қолданылып жүр.

Түсінікті болу үшін туынды етістіктер мен етістерді ғалымның көрсеткеніндей салыстырып қарайық. Туынды етістіктер мен етіс формалары – екі бөлек категория. Сөз тудырушы (*ойын-а, ой-ла, қан-ық, көн-ік*) жұрнақтары арқылы жасалған туынды етістіктер түбір сөз ретінде жаңа бір лексикалық мағынаға ие болады да, жаңадан бір сөз жасайды. Етіс жұрнақтары болса негізгі және туынды етістіктерге жалғанып, жалғанған сөздердің лексикалық мағынасын өзгертпей, оларға грамматикалық мағына үстейді, яғни грамматикалық бір модель жасайды [2, 14].

Түркі тілдері генеалогиялық жағынан туыс тілдер болғанымен, қазіргі таңда грамматикалық құрылымы жағынан әрбірі өзінше дамып келеді. Осыған орай кей мәселе бір тілдің өз ішінде шешіліп жататын болса, көп мәселе тіларалық талдау барысында ғана нәтиже береді. Сонымен, функциялық етістіктер мен жалғаулықтар қызметінің ұқсастықтары жөніндегі мәселелерді жалпылама түрде былайша қарастыруға болады:

1) Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді жалғаулық шылаулар ғана байланыстыра ма?

2) Тілде жалғаулық шылаулардың қызметін басқа қандай грамматикалық тұлғалар атқарады?

Тілдегі осындай мәселелерді анықтау – әлбетте, грамматика саласындағы біраз жайды аңғартатыны сөзсіз.

Тіл білімінде жалғаулық шылаулар жайлы түйткілді мәселе бар екені даусыз. Сондықтан бұл мақаланың мақсаты – жалғаулық шылаулардың қызметін диахрониялық және синхрониялық талдау арқылы нақтылау. Осыған орай мынадай міндеттер қойылды:

– жалғаулық шылаулардың негізгі қызметін анықтау;

– жалғаулық шылаулардың қызметін грамматикалық өзге тұлғалардың қызметімен салыстыру;

- функциялық етістіктердің қызметін саралау;
- функциялық етістіктердің стилистикалық қызметін көрсету;
- жалғаулық шылаулар мен функциялық етістіктер қызметіндегі ұқсастықтарды сипаттап көрсету.

Түркі тілдерінің арасында қазақ тілі солтүстік батыс, яғни қыпшақ тобына жатса, түрік тілі оңтүстік батыс, яғни оғыз тілдері тобына жатады. Осы тілдердің табиғатына қатысты зерттеулерді басшылыққа ала отырып салыстырмалы әдіс арқылы қазақ және түрік тілдеріндегі функциялық етістіктер мен жалғаулықтардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстырып қараймыз. Бұлайша талдау түркі халықтарының грамматикасын зерттеудегі басты критерийлердің бірі саналады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазақ және түрік тілдеріндегі жалғаулықтар мен функциялық етістіктердің қызметін саралауда қазақ ғалымдарынан Р.Әміровтің «Қазақ тіліндегі жалғаулықтар», Ғ.Әбухановтың «Қазақ тілі. Лексика, фонетика және морфология мен синтаксис», Ы.Мамановтың «Қазақ тіл білімінің мәселелері», А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология», түрік ғалымдарынан Х.Едискунның «Yeni Türk Dilbilgisi», М.Хенгирменнің «Türkçe Dilbilgisi» сияқты грамматикалық еңбектері және Е.Ейенің «Türkçede Filimsiler İle Bağlanan Birleşik Yapılı Cümleler Üzerine», О.Балжының «Kazak Türkçesi, Kırgız Türkçesi ve Türkiye Türkçesi Örnekleriyle Zarf-Fiil Eklerinin Edat Türetme İşlevi», Л.Қараханның «-sa/-se Eki Hakkında», Г.Гүлсевиннің «Türkçede Şart Gerundiumu Üzerine», сонымен қатар Scopus базасындағы рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда жарық көрген «The Nature and Function of the Ancient Turkic Functional Word “Birlan” in Modern Turkic Languages (Using the Example of the Kazakh Language)» сынды зерттеу еңбектері негізге алынды.

Мақаланы жазуда диахрониялық және синхрониялық талдау әдістеріне басымдық берілді. Туыстас тілдерді салыстыра зерттеу үшін көбіне-көп салыстырмалы әдіске ден қойылып отырылды. Себебі бұл әдіс қазақ және түрік тілдеріндегі функциялық етістіктердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау кезіндегі грамматикалық құрылымдарды талдау барысында маңызды рөл атқарады. Осындай салыстыру әдісі арқылы қазақ және түрік тілдері грамматикалық құрылымының ерекшеліктері параллель сипатталады. Сонымен қатар тілдегі жалғаулықтар мен функциялық етістіктердің қызметін контекст арқылы нақтылау үшін контекстуалды талдау әдісі де басшылыққа алынды. Қарастырылып отырған теориялық мәселелер бүтіннен бөлшекке немесе бөлшектен бүтінге қарай жылжу арқылы түсіндіріліп, қос тілдегі лингвистикалық деректер біршама жүйеленіп ұсынылып отыр.

НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақ тілінде етістік пен есімдердің негізгі айырмашылығы олардың жіктелуіне қатысты. Яғни тәуелдік және жіктік жалғаулары зат есім түбіріне тікелей жалғанады да (*мен мұғалім-мін, сен дәрігер-сің*), етістік түбіріне тікелей жалғанбайды. Етістіктерден жіктік жалғауын тікелей қабылдайтыны – қалып етістік: *отырмын, тұрмын, жүрмін* т.б.

Түрік тілінде функциялық етістіктер «fiilimsiler» (мағынасы «етістік тәрізділер» дегенмен барабар) немесе «eylemsiler» (мағынасы «қимыл тәрізділер» дегенмен барабар) деп аталады. Функциялық етістіктер – етістік негіздеріне арнайы қосымшалар жалғану арқылы жасалған категориялар. Функциялық етістіктер қазақ және түрік тілдерінде төмендегідей белгілермен ерекшеленеді.

Біріншіден, қазақ тіліндегі негізгі етістіктер есім сөздер сияқты жіктелмейді. Ал функциялық етістіктерге жіктік (есімше мен көсемшеге, шартты рай тұлғасына) және тәуелдік жалғаулары (есімшеге) жалғана береді. Жіктелуі: *бар-ған-мын, бар-ған-сың; бар-а-мын, бар-а-сың, бар-а-ды; бар-ып-пын, бар-ып-сың, бар-ып-ты, бар-са-м, бар-са-ң* т.б. Тәуелденуі: *барған-ым, барған-ың, барған-ы* т.б.

Функциялық етістіктердің екінші ерекшелігі – олар қимыл-әрекетке қатысты бола отырып басқа сөз таптарының грамматикалық қызметін атқарады, яғни басқа сөз таптарымен мәндес болып келеді. Осындай белгілеріне қарай оларды үш топқа бөліп қарастырамыз. Ғалым Ы.Маманов оларды былайша жіктейді: «Бірінші тобы зат есімге бейім болады (тұйық етістік, -ғы формантты етістік, -с формантты етістік). Екінші топқа жататындары мағынасы, қызметі жағынан сын есімге бейім болады (есімше формалар). үшінші топқа жататын функциялық етістік тұлғалары үстеуге бейім болады да, «қимыл үстеу» деп аталады. Бұған көсемше формалары, шартты рай формасы жатады. Осы функциялық етістіктердің жіктелуі арқылы етістіктің рай, шақ формалары пайда болады» [2, 14].

Негізгі етістіктердің етістік жөніндегі грамматикалық категориялардың барлығына қатысты екені белгілі. Яғни есімше, көсемше, рай және шақ формалары осы негізгі етістіктерге арнайы морфемалардың жалғануы арқылы жасалады. Функциялық етістіктерді негізгі етістіктерден ажыратудағы басты критерийлердің бірі ретінде болымсыз мағына үстейтін **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** жұрнақтары аталып жүр. Бұл жұрнақтар негізгі етістіктерге тікелей жалғанса, функциялық етістіктердің морфемалары осы жұрнақтардан кейін ғана жалғанады. Сонда **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** жұрнақтары – негізгі және функциялық етістіктердің шекарасын айыратын белгі.

Екіншіден, негізгі етістік бұйрық райдың 2-жақ жекеше, анайы түріне сәйкес келеді. Негізгі етістіктер басқа етістік категорияларынан осындай белгілері арқылы ерекшеленеді.

Ал түрік тіліндегі функциялық етістіктердің ажыратылымы төменде ұсынылып отыр.

Түрік тілінде функциялық етістіктер «fiilimsiler» жайлы етістіктен (іс-әрекеттен) жасалған сөздер болғанымен, етістіктерге жалғанатын жіктік, ашық, қалау райлардың тұлғалары бұл сөздерге келмейді, тек етістіктерге тән қосымшалардан **-ma, -me, -maz, -mez** болымсыз етістік формалары ғана жалғана алатын ерекше сөздер деп түсіндіріледі. Мағынасында қимыл мәні болғанымен, рай тұлғасында қолданылмайды.

– fiilimsiler – нақты етістік емес, бірақ етістікке ұқсас сөздер;

– fiilimsiler етістік сияқты жіктелмейді, бірақ оларға болымсыз етістіктің жұрағы жалғанады;

– олар İsim fiil (атауыш ет.), sıfat fiil (сын-бейне ет.) және zarf fiil (сын-қимыл ет.) болып үш түрге бөлінеді;

– әрқайсысының өздеріне тән қосымшалары (жұрнақтары) бар;

– ол қосымшалар міндетті түрде етістік түбіріне немесе етістік негізіне жалғанады;

– бұл қосымшалар сөйлемде етістіктерді зат есім, сын есім немесе үстеу сияқты формаларға түрлендіреді;

– fiilimsiler сөйлемде тікелей баяндауыш бола алмайды, тек көмекші етістіктің тіркесуі арқылы баяндауыш бола алады.

Сонымен, түрік тілінде функциялық етістіктер төменде көрсетілген формалар арқылы жасалады:

1. İsim Fiil (Mastar) /тұйық етістік/.

Етістіктерге **-ma, -ış, -mak** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Бұл жұрнақтар үндесім заңына қарай сөз ішінде **-ma, -me, -ış, -iş, -uş, -üş, -mak, -mek** формасында келуі де мүмкін. Бастысы, **-ma, -ış, -mak** жұрнақтары арқылы жасалатынын білсек жеткілікті. Бұл жұрнақтар етістіктерге жалғану арқылы қимылдың атауын білдіреді. Қазақ тіліндегідей сөйлемнің соңында тұрып баяндауыш мүше бола алмайды.

Мысалы:

а) **Görmekten** sonra **görülmek**, aşkın ikinci kademesiydi /*Көруден кейін көріну – гашықтықтың екінші кезеңі*/.

Gör (түбір етістік) + **-mek** (тұйық етістіктің жұрнағы).

ә) Mektup **yazmak** onun için huzur verici bir şeydi /*Хат жазу – ол үшін жан тыныштығын сыйлайтын зат*/.

б) Ben de sizinle tatile **gelmeyi** düşünüyordum /*Мен де сіздермен бірге демалысқа баруды ойлап жүрмін*/.

в) Bağlama **çalmayı** bu kadar çok seveni hiç görmemiştim /Бағалама аспабында ойнауды осынышалық ұнатқанды ешқашан көрмеппін/.

г) Programın **başlayışı** herkesi heyecanlandırdı /Бағдарламаның басталуы барлығын толғандырды/.

ғ) Onun **gelişiyle** oda bir anda sessizliğe büründü /Оның келуімен бөлме іші кенет тыныштыққа айналды/.

2. Sıfat Fiil (Ortaç) /есімше/.

Етістіктерге *-an, -ası, -mez, -ar, -dik, -ecek, -miş* жұрнақтары жалғануы арқылы жасалады. Бұл жұрнақтар да буын үндестігіне қарай түрленіп отырады. Бастысы, *-an, -en, -ası, -esi, -maz, -mez, -ar, -er, -dik, -dik, -duk, -dük, -acak, -ecek, -miş, -miş, -miş, -miş* формаларын білуіміз керек. Сөйлемде етістіктерге сындық мағына үстейді (оқылған кітап, көрген адамым т.б.). Бұлар да қазақ тіліндегідей сөйлем соңында тұрып баяндауыш қызметін атқара алмайды.

Мысалы:

а) **Çalışan** adamı herkes sever /Жұмыс істеген (еңбекқор) адамды барлығы жақсы көреді/.

ә) Gelen, gideni aratır /Келген (адам) кеткенді (адамды) іздейді/.

б) Bu çocuğun **sevilesi** bir yanı kalmamış /Бұл балада жақсы көретін ештеңе қалмапты/.

в) **Görünmez** kazaya da davetiye çıkarmayalım /Көрінбейтін нәрседен апат шығармайық/.

г) Gelecek sezonda en başarılı futbolcular bizim olacak /Ең табысты футболшылар келесі маусымда біздікі болады/.

ғ) Böyle bir kazadan sağlam çıkabilirse verilmiş sadakası var demek /Mұндай апаттан аман қалса, берілген сақасының болғаны/.

3. Zarf Fiil / Bağ Fiil (Ulaç) /көсемше/.

Етістікке *-ken, -alı, -madan, -ince, -ip, -arak, -dıkça, -a, -e, -r, -maz, -casına, -meksizin, -diğında* сияқты жұрнақтар жалғануы арқылы жасалады. Бұл жұрнақтар етістікті үстеулер сияқты түрлендіреді. Бұлар да тұйық етістік пен есімшенің жұрнақтары сияқты үндесім заңына қарай түрленіп отырады.

Мысалы:

а) **Yatarken** ışıkları söndürmeyi unutma /Жатарда шамдарды сөндіруді ұмытпа/.

ә) **Bu dünyaya geleli** yüzü bir kez olsun gülmedi /Осы өмірге келгелі, жүзі бір күлмеді/.

б) Masadaki tabaklar **kırılınca** ne yurасаğını bilemedi /Үстел үстіндегі табақтар сынғанда, не істерімді білмедім/.

в) Bütün her şeyi **unutup** yeni bir hayata başlamak istiyordu /Оның бәрін ұмытып, жаңа өмір бастағысы келді/.

г) **Gelir gelmez** yatağa uzandı /Келген бойда төсекке жатты/.

ғ) **Ölürcesine** sevdiği için her dediğini yapıyordu /Өлгенше жақсы көргені үшін айтқанының бәрін істеді/.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақ тілінде етістік негіздерінің болымды және болымсыз формаларына арнайы қосымшалар жалғану арқылы етістікке тән грамматикалық формалар жасалады. Етістіктің мұндай формаларына есімше, көсемше, тұйық етістік, шартты рай мен **-ғы** формалы етістік және ортақ етіс жұрнақтарын жатқызуға болады.

Бұл формалар морфологиялық және синтаксистік қызметіне қарай үш түрлі қызмет атқарады. Олардың бірқатары мағынасы мен синтаксистік қызметі жағынан, жоғарыда келтірілгендей, зат есімдерге жақын. Бұл топқа тұйық етістік, сонымен қатар **-ғы** формалары мен ортақ етіс формаларын жатқызамыз. Бұл үш форма қимыл есімдері деп аталады. Қимыл есімдерінен зат есімге айналған сөздер көп. Мысалы: *оқ-у, жаз-у, айт-ыс, таб-ыс* т.б.

Келесі топқа көсемшелерді (түрік тілінде көсемшелер «zarf-fiiller», «ulaçlar» немесе «gerundiumlar» деп аталады) жатқызамыз. Олар – өткен шақты білдіретін **-ып, -іп, -п**, келер шақты білдіретін **-а, -е, -й**, мақсат мәнді білдіретін **-ғалы, -гелі, -қалы, -келі** қосымшалары мен шартты райдың **-са, -се** формалары.

Қазіргі түркі тілдеріндегі жалғаулықтар тарихы жайлы зерттеулерде олардың (жалғаулықтардың) әдетте түркі тілдерінде болмағанын, бұл тілге кейіннен келгенін айтады. Қазіргі түрік тілінде жалғаулықтардың дені араб және парсы тілдерінен орныққан. Жалғаулықтардың функциясын ертеректе көсемшелердің атқарғаны жайлы мәлімет баршылық. Алайда біз түркілік негізді жалғаулықтардың болғанын да жоққа шығармаймыз, дегенмен көсемше формаларының байланыстырғыштық қызметінің ерте замандарда қалыптасқанын және күні бүгінге дейін сақталып келе жатқанын да мойындауымыз керек. Және бір ден қоярлығы – мұндай байланыстырғыштық функция есімше қызметінде де бар.

«А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастап Н.Сауранбаев еңбектеріне шейін (елуінші жылдар) көсемше жұрнақтары ретінде **-а, -е, -й; -ып, -іп, -п; -ғалы, -гелі, -қалы, -келі** қосымшалары аталған. Кейінгі зерттеушілер көсемшенің жұрнақтарына **-ғандай, -ғанша, -мастан, -май, -майынша, -ысымен** (әрқайсысының дыбыстық варианттары бар) жұрнақтарын да қосады. Бұлардың көсемшелік сипаты қаншалықты басым болғанмен де, **-ғалы** тұлғасынан өзгесінің морфологиялық құрамы анық көрініп тұр.

- ғанша** (есімше + қызметтік (функциялық) жұрнақ);
- мастан** (болымсыз етістік + есімше + шығыс септік);
- ысымен** (қимыл есімі + тәу. III жағы + көмектес септік);
- майынша** (болымсыз етістік + көсемше + дәнекер қызметтік жұрнақ)» [3, 530].

Бұл формалар морфологиялық белгілері мен синтаксистік қызметі жағынан үстеу қызметін атқарады. Сондықтан бұл формаларды қимыл үстеулері деп атайды. «Көсемше» терминін алғаш қолданған Ахмет Байтұрсынұлы болды. 1915 жылы Орынборда басылып шыққан «Тіл – құрал» атты оқулығында «қос етістіктің алдыңғы көсемі» деген мағынада түсіндіреді [4, 245].

Көсемшенің есімше мен тұйық етістіктен айырмашылығы – көсемшелер тәуелдік, септік, көптік формаларын қабылдамайды. Ол тек жіктік жалғаулары арқылы түрленіп, сөйлемде предикат қызметін атқарады (*мектепке бар-а-мын / бар-ып-пын*). Қимыл үстеудің көсемше формасы ешқандай қосымша қабылдамайды. Сондықтан бұлардың барлығын «функциялық етістіктер» деп атайды, өйткені олардың формалары белгілі бір сөз таптарының қызметін атқарады.

Түрік тілінде функциялық етістіктердің «fiilimsiler» немесе «eylemsiler» деп аталатынын жоғарыда айтқан едік. Енді анықтамасына назар аударсақ.

«Сөйлемде іс-әрекет, қимыл атауын білдіру арқылы зат есім; зат есімнің сипатын анықтау арқылы сын есім, предикатты немесе етістікті сипаттау арқылы үстеу, екі сөйлемді бір-біріне байланыстыру арқылы жалғаулық болатын, сонымен қатар сөйлемде субъектіні де, объектіні де, толықтауышты да қабылдап көмекші предикат, қысқасы, «бағыныңқылық» қызметте жұмсалатын сөздер функциялық етістік («fiilimsi» немесе «eylemsi») деп аталады.

Функциялық етістіктерге тән белгілер:

- а) Бұл сөздердің бойында етістік мағынасы сақталған.
 - а) Олар әдетте болымсыздық жұрнағын есептемегенде шақ, жақ сияқты етістікке тән қосымшаларды қабылдамайды;
 - ә) Етістікті сөйлемдерде предикат бола алмайды, сондықтан сөйлемнің соңында жұмсалмайды. Алайда есімді сөйлемдерде «ет» көмекші етістігімен тіркесіп сөйлемнің баяндауышы бола алады және сөйлемнің соңында келе береді. Мысалы: *Bizim ödevimiz çalışmaktır...* (*Біздің міндетіміз – еңбек ету...*) т.б.;
 - б) Құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы сөйлемдерін жасайды.
- Функциялық етістіктер мағынасы мен қызметі жағынан үшке бөлінеді:
- а) атауыштық (тұйық етістіктер (mastarlar),
 - ә) сындық (есімшелер (ortaçlar, partisipler),

б) жалғағыштық (көсемшелер (ulaçlar, gerundiumlar))» [5, 246-247].

Осыдан аңғарылғандай, қазақ және түрік тіліндегі функциялық етістіктердің негізгі белгілері ортақ, дегенмен өзіндік айырмашылықтары да бар. Мысалы, түрік тілінде функциялық етістіктер тікелей жіктелмейді, қазақ тілінде есімше мен көсемшенің жіктелетіні белгілі. Сонымен қатар функциялық етістіктердің жалғаулық қызметінде жұмсалуында да өзіндік ерекшеліктер бар.

Түркі тілдерінде сөйлемдер жай және құрмалас болып бөлінеді. Екі сөйлемнің құрылымындағы айырмашылық – сөйлемде пайымдаудың біреу немесе біреуден көп болуы. Жай сөйлемде пайымдау біреу болса, құрмалас сөйлемде кемі екеу болады. Құрмалас сөйлемді құрайтын элементтер: жағдай, сапа, мезгіл, себеп, шарт, түсіндіру, мақсат т.б. Ерекшелігі тұйық етістік, есімше немесе көсемше, яғни осы функциялық етістіктердің бірі бағыныңқы сөйлемді басыңқы сөйлеммен байланыстырып тұрады. Мұндағы тұйық етістік, есімше, көсемше құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонентін жасайды, бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемнің арасын байланыстырады [6, 66-76].

Түрік ғалымы Тахир Нежат Генжан функциялық етістіктер туралы былай дейді: «Функциялық етістіктердің көп болуы сөйлемді (түрікше) кеңінен түсінуге, яғни мазмұндық маңызын ұғынуда жеңілдік туғызады. Әрбір функциялық етістік өзі қатысқан сөйлеммен бірге әр түрлі аспектіде негізгі сөйлемнің толықтырушысына айналады, сөйтіп сөйлемде бірнеше сезімді, бірнеше тілекті, бірнеше ойды білдіреді. Сөйлем құрылысындағы осындай функциялық етістіктердің біреуі немесе бір-екеуі сол сөйлемді түсінуге жеңілдік туғызады» [7, 411].

Мехмет Хенгирмен: «Функциялық етістіктер бағыныңқы сөйлем құрылысында тұрып сабақтас құрмалас сөйлем жасайды. Бұл түрік тіліндегі сөйлемдерді түсінуге айтарлықтай жеңілдік туғызады. Өйткені көп жағдайда функциялық етістіктер арқылы жалғаулық шылаусыз қысқа сөйлемдер жасалады. Жалпы көсемшенің қызметі арқылы құрылған мұндай сөйлемдер басқа тілдерде тек жалғаулық шылаулар арқылы жасалады», – дейді де, төмендегідей мысалдарды келтіреді:

1. *Dün evi kiralayan adam parayı ödedi (adam ev kiralamış ve parayı ödemiş).*

Аудармасы: *Кеше үйді жалға алған адам ақшасын төледі (адам үйді жалға алды және ақшасын төледі).*

2. *Adam gazatesini okuyup uyudu (adam gazete okumuş ve uyumuş).*

Аудармасы: *Адам газетін оқып, ұйықтады (адам газет оқыды және ұйықтады).*

3. *Manava giderek üzüm aldı (manava gidilmiş ve oradan üzüm alınmış).*

Аудармасы: *Көкөніс дүкеніне барып жүзім алды (көкөніс дүкеніне барды және сол жерден жүзім сатып алды)* [8, 248].

Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай, алғашқы сөйлемде есімшенің **-an** жұрнағы екі түрлі ой айтылған сөйлемдерді байланыстыру арқылы жалғаулықтық қызмет атқарып тұр. Бірінші ой адамның үйді жалға алуы болса, екіншісі – ақша төлеуі.

Екінші сөйлемде де *gazatesini okuyup (gazetін оқып)* тіркесі бірінші ойды субъектінің ұйықтағаны жөнінде айтылған келесі оймен байланыстырған.

Үшінші сөйлемде қос ақпараттағы бастауыш пен толықтауыш (түрік тілінде пысықтауыш мүше жоқ) элементтері ортақ. Мұнда алғашқы ойдағы **-erek** (көсемше) жұрнағы іс-қимыл толықтауышы (қазақ тілінде пысықтауыш мүше) ретінде келесі оймен байланыстырып тұр.

Жалпы, түрік тілінің грамматикасында функциялық етістіктер арқылы жасалған сөйлемдер құрмалас сөйлем деп саналады, себебі олардың құрамында бір емес, бірнеше пайымдау бар деп есептеледі. Мұны грамматистердің зерттеулерінде кеткен қателік емес, кемшілік деуге келеді. Бұл кемшілік функциялық етістіктерді предикаттық элементтер тәрізді бағалаудан туындаған. Яғни функциялық етістік нақты предикат (етістік + рай + тұлғалық жақ) формасындағыдай басты пайымдауды емес, көмекші пайымдауды білдіреді. Бұл жерде маңыздысы – бір сөйлемде бірнеше пайымдаудың (ойдың) болуы. Сонда

функциялық етістіктің басты міндеті – екі немесе одан да көп құрылымды негізгі сөйлеммен байланыстыру.

Түрік тілінде бұл мәселе грамматикалық кей еңбекте «Функциялық етістік арқылы жасалған/жасалатын құрмалас сөйлемдер» деген тақырыппен беріледі. Біздіңше, «Функциялық етістік арқылы байланысқан құрмалас сөйлемдер» деген тақырыппен берілгені дұрысырақ. Өйткені құрмаластың құрылымында функциялық етістіктер болады, бірақ олар басты пайымдауды білдірмейді. Функциялық етістіктер сөйлемде негізгі предикат жасамайды, олар тек бағыныңқы сөйлемді (көмекші пайымдауды) бастауыш немесе толықтауыш (қаз. т. пысықтауыш) қызметінде тұрып басыңқы сөйлеммен немесе жақын маңдағы басқа бір пайымдаумен байланыстырады [6, 68]. Қалай дегенде де, бұл жайт функциялық етістіктердің бағыныңқы сөйлемді басыңқы сөйлеммен немесе бағыныңқы сөйлемді басқа бір бағыныңқы сөйлеммен жалғаулықтар сияқты байланыстыру мүмкіндігі белсенді екенін көрсетеді. Ғалым Онур Балжы мақаласында қазақ, қырғыз және түрік тілдеріндегі көсемше жұрнақтарынан жасалған кейбір шылауларға тоқталып өтеді [9, 229-244]. Біз де осы негізге сүйене отырып көсемше жұрнақтарынан жасалған жалғаулықтарға тоқталамыз.

Көсемше тұлғаларынан жасалған жалғаулықтар

1. -а / -е

Бұл қосымша екі тілде де жалғаулық шылау жасайтын жұрнақтардың қатарында. Түрік тілінде тек қос сөздер құрамында жұмсалатын болса, қазақ тілінде қос сөздер құрамында да, жеке-дара да жұмсала береді.

Қазіргі қазақ тіліндегі **және** тұлғасының (түрік тілінде *ve, ile*) түркілік өзге халықтардағы нұсқасы – *йана* (көбіне), *жана, йәнә, ене, гене, уонна, эмиэ* (соңғы үшеуі сирек). Ал **йана** тұлғасы *қайту, оралу* мағыналы **йан** етістігіне көсемшенің **-а** қосымшасы жалғануынан қалыптасқан [10]. Мысалы: *Мен, Шәкір және басқа балалар* (Б.С.).

Түрік тілінде әрі шылау, әрі септік жалғауы ретінде қолданылатын **ile** тұлғасы қазақ тілінде *мен, менен* (*бен, бенен, пен, пенен*) үлгісінде жұмсалады. Бұл тұлға көне түркі тіліндегі *бирле / бирлен* шылауынан қалыптасқан. Түрік тіліндегі қалыптасу үлгісі: *birlen* → *birle* → *ile*; қазақ тіліндегі қалыптасу үлгісі: *бирлен* → *билен* → *бенен* → *бен* (*мен*).

Қазақ тіліндегі шылау қызметіне мысал: *Танабай мен Гүлсары алғаш рет соғыстан соң кездесіп еді* (Ш.А.).

2. -са

Түрік тілінің грамматикасында бұл жұрнақ шартты раймен бірге тілек мағынасын білдіретін қалау рай қосымшасы ретінде белгілі. Көсемше формасы ретінде қарастырылмайды. Бұл жұрнақ жіктік жалғауын қабылдайтын болған соң, сондай-ақ қалау рай формасын жасауына орай рай қосымшасы ретінде мәлім. Алайда бұл форманы көсемше жұрнағы ретінде қарастыратын ғалымдар да бар. Талат Текин «Орхон түрікшесінің грамматикасы» атты еңбегінде **-сар** қосымшасын қимыл-сын үстеуінің категориясы ретінде қарастырады [11, 177].

Түрік тілінде Гүрер Гүлсевин мен Лейла Караханның жазбаларында мұның күн тәртібіндегі мәселелердің бірі екеніне назар аудартылады. Гүрер Гүлсевин «Түрік тіліндегі -са тілек-шарт көсемшесі туралы» деп аталатын еңбегінде бұл жұрнақтың тілек, қалау мағынасын білдірумен қатар көсемшелік қасиетінің де бар екенін айтады [12, 279].

Лейла Карахан «-са/-се жұрнағы туралы» атты мақаласында Гүлсевиннің пікірімен келісетінін, бұл жұрнақтың көсемше тобында болуы керек екенін атап өтеді [13, 471-474].

Қазақ тілінің грамматикасында бұл форма неғайбыл райды білдіретін жұрнақ ретінде қарастырылады. Біздіңше, **-са** формасы тілек, қалау мәнін білдіретін рай категориясын тудырмаса, көсемше жұрнағы ретінде қарастырылуы керек. Осы тұрғыдан алғанда, бұл жұрнақ екі тілде де шылау тудыратын жұрнақ ретінде бағаланады. О.Балжы бұл жұрнақ арқылы жасалған үлгілерді шылаудан гөрі шылау орнына жүретін есім сөздер деп қарастыру дұрысырақ деп санайды [9, 237].

а) болмаса (түрік тілінде *yoksa, veya*). Бұл тұлға – қарсылық немесе таңдау мәнін білдіретін жалғаулық. Мысалы: *Айтсаң осылай айт, болмаса үндемегенің жөн* (Желіден).

ә) не болмаса (түрік тілінде *veya, ya da*). Көсемшенің **-са** жұрнағы арқылы жасалған бұл күрделі жалғаулық көбіне өзара тең түсетін ұғымдарды байланыстырады. Қараңыз: *Мұрат келесі жылы «Дарын» мектебіне ауысады, не болмаса «Мұрагер» мектебіне сынақ тапсырады* (Желіден).

б) әйтпесе (түрік тілінде *yoksa*). Қарсылық мәнді білдіретін жалғаулықтардың бірі. Мысалы: *Ұшарға қанаты жоқ, әйтпесе қазір жетпек* (Ш.А.).

в) олай болса (түрік тілінде *öyleyse*). Ұштастырғыш жалғаулық, мағынасы **ендеше** дегенмен барабар. Қараңыз: *Олай болса біздің есігіміз саған қайтадан, сірә, ашыла қоймас!* (Ш.А.).

г) әйтсе де (түрік тілінде *buna rağmen, yine de*). Қарсылықты мән үстейтін жалғаулық. Мысалы: *Әйтсе де қарсыласынан өзінің келмеске кеткен жастығын көріп, екі шықшыты қан қақсап, көзін қайта жұмды* (О.Б.).

Біз көсемше ретінде қарастырып отырған **-са** тұлғалы жалғаулықтар және олардың грамматикалық қызметі жайлы жоғарыда қазақ тілінен мысалдар келтірілді. Енді осы **-са** тұлғасы арқылы түрік тілінде қалыптасқан жалғаулықтарды қарап көрейік.

а) neyse (қазақ тілінде *әйтеуір*). Сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулықтардың бірі. Құрылымы: *ne+i-se*. Мысалы: *Kaugısız balalık mı, yoksa yarımlik mı, her neyse, o yılın usandırıcı kışı hatırımında kalmamış* (Q.Is.).

ә) oysa (қазақ тілінде *алайда, әйтсе де, дегенмен*). Сөйлемдер арасындағы себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулық. *Oysaki* тұлғасында да қолданылады. Мысал: *Evet, habersizlikten kırılıyordu bütün gazeteler... Oysa isyan vardı memlekette... İki aydır Ağrı dağında vuruşuluyordu* (YA, 1).

б) yoksa (қазақ тілінде *әйтпесе*). Сөйлемдерді болжалды қарама-қарсы мәнде байланыстыратын жалғаулық. Қараңыз: *Parti görevine girme vakti çoktan geldi, yoksa savcılık makamında çok oturdu...*

б) öyleyse (қазақ тілінде *онда*). Сөйлемдер арасындағы шартқа қатысты қорытынды қатынасты білдіреді. Мысалы: *İyi öyleyse. Sen kendini başkasıyla kıyaslama.*

3. -ы

Екі тілде де шылау жасайтын жұрнақ. Түрік тілінде көсемшенің ең көне нұсқаларының бірі деп қаралады. Қазақ тілінен мысал келтірейік.

Тағы (түрік тілінде *daha, bunun üzerine*). Бұл шылау **тақ** етістігіне көсемшенің көне **-ы** жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Көне түрік тілінен бастап бүгінгі жазба тілге дейін қолданылып келе жатқан *тақы / дақы / дағы* шылауы әрі күшейткіш, әрі жалғаулық шылау ретінде жұмсалады [14].

Қазіргі қазақ тілі грамматикасында бұл сөздің ыңғайлас жалғаулық екені жөнінде мәлімет бар. Сондай-ақ *тағы* тұлғасының түркілік тілдерде ешқашан ыңғайлас мәнді жалғаулық болмағаны, қазірге дейін ыңғайластық мәнде емес, тек үстеу және демеулік мағынасында жұмсалып жүргені жайлы да мәлімет бар [10, 117-120]. Дегенмен бұл – бөлек тақырып, ден қоярлығы – бұл сөздің о баста етістік болғаны және етістіктен көне **-ы** көсемшесі арқылы қалыптасқаны. Мысалы: *Қомша таңертеңнен бері қазған жерін өріп шықты да, тізеден су кешіп жүріп тағы да жарты құлаштай тереңдетті* (Д.И.).

Қазіргі түрік тілінде көсемшенің бұл жұрнағы (**-ы**) етістіктен ажыратылмайды, жалғаулық қызметін етістікпен тұтасқан сипатта ғана атқарады [15].

Ötürü (қазақ тілінде *сол себепті*). Түрік тілінде «өт» (қазір мұндай етістік жоқ) көне етістігінен жасалған бұл жалғаулықтың құрылымы *öt-ür-ü* үлгісінде. Есімдерге шығыс септігінің тұлғасы жалғануы арқылы себеп-салдарлық қатынасты білдіреді. Қараңыз: *Bundan ötürü de yasaların yeniden ele alınarak güvenlikle ilgili organlar tarafından denetim artırılması ve bir kurul kurularak bu denetimi devlet organlarının yapısı doğru olur.*

Ғалымдардың көпшілігі түркі тілдерінде жалғаулықтардың көп емесін айтады. Кей ғалым тіпті бұл тілдерде жалғаулық шылау жоқ деген көзқараста. Мұның басты себебі түркілік тілдердің табиғаты жағынан жалғамалы тіл екеніне байланысты екені көпшілігімізге мәлім және мұндай пікірлер ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы түркологиялық зерттеулердің біразында бар.

Түркологиялық тіл білімінде жалғаулықтарды арнайы зерттеген ғалымдар түркі тілдерінде жалғаулық шылаулардың болмауын бұл тілдерінің табиғатына тән құбылыс деп есептейді, яғни агглютинативті тілдерде сөйлемдер етістік сөздердің грамматикалық тұлғалары арқылы байланысады, сол себепті сөйлемдерді байланыстыратын арнаулы сөздердің қажеті де бола қоймаған.

Мақала көлемінде жасалған зерттеу нәтижесінен байқалып отырғандай, қазақ тілі мен түрік тіліндегі кей жалғаулықтың тарихы көсемше тұлғаларына меңзейді, анығында, етістіктің көсемше категориясынан, яғни функциялық етістіктерден басталады. Жоғарыда келтіргеніміздей, жалғаулық атаулының этимологиясы функциялық етістікке қатысты демейміз, бірқатары араб және парсы тілдерінен ауысу арқылы да орныққан. Дегенмен қазіргі грамматикадағы кей жалғаулықтың о бастағы функциялық етістіктерден қалыптасуы жалғамалы тілдердің грамматикалық табиғатына тән құбылыс екеніне ғылыми критерий ретінде назар аударылуы қажет деп санаймыз. Екіншіден, қазіргі түркілік тілдердің грамматикасындағы түйткілді көптеген мәселені диахрониялық зерттеу барысында ғана шешуге болатынын да қаперде ұстаған абзал. Мұның төркіні түркілік қазіргі ұлт тілдерінің грамматикасын зерттеуде қыруар мол нәтижеге жеткізері сөзсіз.

Қорыта келгенде, тілімізде жалғаулық шылаулардың болмауы немесе олардың кеш пайда болуы жалпы түркі тілдерінің табиғатына жат құбылыс емес екенін көрдік. Бұл шағын зерттеуде агглютинативті тілдерде сөйлемдердің арасын байланыстыру етістіктің, онда да көбіне көсемше тұлғасының (функциялық етістік) грамматикалық әлеуетіне жүктелгенін байқадық. Бір қарағанда, көсемшенің байланыстырғыштық қызметі көнеленген тұлғалар арқылы ғана көрінетіндей, алайда түркілік қазіргі тілдерде де көсемшелердің бұл қызметінің аса белсенді екенін аңғару қиын емес. Бұл – алдағы күндердегі зерттеудің еншісіндегі мәселе.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. Лексика, фонетика және морфология мен синтаксис. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1960. – 328 б.
- 2 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құрастырған: ф.ғ.д. Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.
- 3 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
- 4 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 5 Ediskun H. Yeni Türk Dilbilgisi. – İstanbul: Remzi Kitapevi, 2017. – 408 s.
- 6 Eyi E. Türkçede Filimsiler İle Bağlanan Birleşik Yapılı Cümleler Üzerine // Anadolu Sosyal Bilimler Dergisi. – 2016. – S.66-75.
- 7 Gencan T.N. Dil Bilgisi. – Ankara: Ayraç Yayınevi, 2001. – 638 s.
- 8 Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin Yayınevi, 2002. – 619 s.
- 9 Balcı O. Kazak Türkçesi, Kırgız Türkçesi ve Türkiye Türkçesi Örnekleriyle Zarf-Fiil Eklerinin Edat Türetme İşlevi // SUTAD. – 2016. – №39. – S.229-244.
- 10 Zhunussova, B.; Baimurynov, Z. The Nature and Function of the Ancient Turkic Functional Word “Birlan” in Modern Turkic Languages (Using the Example of the Kazakh Language) // Forum for Linguistic. – 2024. – 6(6). – P.162-171.
- 11 Tekin T. Orhon Türkçesi Grameri. 2. Baskı. – İstanbul: Sanat Kitabevi, 2003. – 273 s.
- 12 Gülsevin G. Türkçede Şart Gerundiumu Üzerine // Türk Dili. – №467(2). – Ankara: TDK Yayınları, 1990. – S.276-279.

13 Karahan, L. -sa/-se Eki Hakkında // Türk Dili. –№ 516. – Ankara: TDK Yayınları, 1994. – S.471-474.

14 Shabaev G. Verb Nomination in the English Language: Analytical Lexemes // Journal of Siberian Federal University // Humanities & Social Sciences. – 2016. – №10. – P.2490-2495.

15 Khassenov B. Sound symbolism in the Proto-Turkic language // 3L: The Southeast Asian Journal of English Language Studies. – 2021. – T.27 (1). – P.102-114.

Материал 11.05.2025 баспаға түсті

Функции союзов и функциональных глаголов в казахском и турецком языках

Б.А. Жунусова¹, Ж.М. Баймурынов², С.А. Кенжеғалиев¹

¹Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, 100028, Казахстан

²Карагандинский университет Казпотребсоюза, Караганда, 100028, Казахстан

Как известно, в связывании грамматических компонентов синтаксически сложных конструкций функция союзных служебных слов, в том числе причастий, деепричастий и условных наклонений занимает особое место. Однако первое из них связывает грамматические склонения сложносочиненных образований, а другие – сложноподчиненных. Это – сведения современной грамматики. А из истории грамматики мы видим, что некоторые союзы образованы глагольными категориями. Исходя из этого, в статье ставится цель – сравнить сочинительную функцию форм деепричастий (-а, -са), которые в турецкой грамматике рассматриваются как функциональные глаголы, с грамматической функцией союзов в современном казахском и турецком языках, а также определить сходства между союзами и функциональными глаголами в этих языках. Таким образом, становится очевидным, что ряд современных союзов в обоих языках сформировались посредством глагольных аффиксов, то есть произошли от функциональных глаголов. Авторы статьи стремятся подтвердить лингвистическую точку зрения о том, что в тюркских языках ранее существовало крайне малое количество союзов, и большинство из них развилось через заимствованные формы из арабского и персидского языков, что не является беспочвенным утверждением. На самом деле, сочинительная функция функциональных глаголов остаётся активной и актуальной и в современной грамматике. В статье данный вывод доказывается с помощью диахронического и синхронического анализа современных союзов в казахском и турецком языках, контекстуального анализа и сопоставления с функцией функциональных глаголов. Эти моменты, затронутые в статье, свидетельствуют о том, что большую часть грамматических проблем в современных тюркских языках можно решить, рассмотрев их в тюркологическом аспекте, и представляют теоретическую ценность для исследователей в этом направлении.

Ключевые слова: функции служебных слов, функциональные глаголы, турецкий язык, казахский язык, тюркология, союзы, теория казахской грамматики.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Абуханов Г. Казахский язык. Лексика, фонетика, морфология и синтаксис. – Алматы: Казахское государственное учебно-педагогическое издательство, 1960. – 328 с.

2 Маманов И. Проблемы казахского языкознания /Сост.: д.ф.н. Г.Анес. – Алматы: Изд-во «Абзал-Ай», 2014. – 640 с.

3 Казахская грамматика. Фонетика, словообразование, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 с.

4 Байтурсынов А. Вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 с.

5 Ediskun H. Yeni Türk Dilbilgisi. – İstanbul: Remzi Kitapevi, 2017. – 408 s.

- 6 Eyi E. Türkçede Filimsiler İle Bağlanan Birleşik Yapılı Cümleler Üzerine. // Anadolu Sosyal Bilimler Dergisi. – 2016. – S.66-75.
- 7 Gencan T.N. Dil Bilgisi. – Ankara: Ayraç Yayınevi, 2001. – 638 s.
- 8 Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin Yayınevi, 2002. – 619 s.
- 9 Balcı O. Kazak Türkçesi, Kırgız Türkçesi ve Türkiye Türkçesi Örnekleriyle Zarf-Fiil Eklerinin Edat Türetme İşlevi // SUTAD. – 2016. – №39. – S.229-244.
- 10 Zhunussova, B.; Baimurynov, Z. The Nature and Function of the Ancient Turkic Functional Word “Birlan” in Modern Turkic Languages (Using the Example of the Kazakh Language) // Forum for Linguistic. – 2024. – 6(6). – P.162-171.
- 11 Tekin T. Orhon Türkçesi Grameri. 2. Baskı. – İstanbul: Sanat Kitabevi, 2003. – 273 s.
- 12 Gülsevin G. Türkçede Şart Gerundiumu Üzerine // Türk Dili. – №467 (2). – Ankara: TDK Yayınları, 1990. – S.276-279.
- 13 Karahan, L. -sa/-se Eki Hakkında // Türk Dili. – №516. – Ankara: TDK Yayınları, 1994. – S.471-474.
- 14 Shabaev G. Verb Nomination in the English Language: Analytical Lexemes // Journal of Siberian Federal University // Humanities & Social Sciences. – 2016. – №10. – P.2490-2495.
- 15 Khassenov B. Sound symbolism in the Proto-Turkic language // 3L: The Southeast Asian Journal of English Language Studies. – 2021. – T.27(1). – P.102-114.

Материал поступил в редакцию журнала 11.05.2025

The functions of conjunctions and functional verbs in Kazakh and Turkish

B. Zhunussova¹, Zh. Baimurynov², S. Kenzhegaliev¹

¹Karaganda University named after E. Buketov, Karagandy, 100028, Kazakhstan

²Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karagandy, 100028, Kazakhstan

The function of conjunctive functional words – including participles, adverbs, and conditional forms – plays a crucial role in linking grammatical elements within syntactically complex constructions. In modern grammar, these categories are distinguished by their connective roles: participles typically link grammatical forms within compound structures, while adverbs and conditionals connect larger syntactic units. From a historical grammatical perspective, it is evident that many conjunctions originated from verbal categories.

This article compares the coordinating function of converb forms (-a, -sa) – recognized in Turkish grammar as functional verbs – with the grammatical role of conjunctions in modern Kazakh and Turkish. The primary aim is to identify structural and functional parallels between conjunctions and functional verbs in both languages. The analysis reveals that several modern conjunctions evolved from verbal affixes, demonstrating their origin in functional verbs.

The study supports the linguistic hypothesis that conjunctions were historically limited in Turkic languages, with many modern forms entering the languages through Arabic and Persian influence. However, the coordinating function of functional verbs has persisted and remains significant in contemporary grammar.

The article employs diachronic and synchronic approaches, including contextual and comparative analysis, to explore the development and usage of conjunctions and functional verbs. The findings suggest that many grammatical issues in modern Turkic languages can be better understood – and potentially resolved – when examined through a Turkological lens. This research contributes to the theoretical foundation for future studies in comparative grammar and Turkic linguistics.

Key words: functions of functional words, functional verbs, Turkish, Kazakh language, turkology, conjunctions, theory of Kazakh grammar.

REFERENCES

- 1 Abukhanov, G. (1960) Kazakh language. Vocabulary, phonetics and morphology and syntax. – Almaty: Kazakh state educational and pedagogical publishing house [Абұханов Ғ. Қазақ тили. Лексика, фонетика және морфология мен синтаксис. – Almaty: Qazaқтың мемлекеттік оқы-педагогика баспасы.
- 2 Mamanov, Y. (2014) Problems of Kazakh linguistics / Compiled by: Doctor of philology Anes G. – Almaty: Abzal-Ai publishing house [Mamanov Y. Қазақ тил билиминиң мәсеелери / Qurastyrgan: f.ғ.d. Ғ.Анес. – Almaty: “Abzal-Ai” баспасы.
- 3 Kazakh grammar. Phonetics, word formation, morphology, syntax. – Astana, 2002. – 784 p. [Qazaq gramatikasy. Fonetika, sózjasam, morfologia, sintaksis. – Astana, 2002. – 784 b.]
- 4 Baitursynov, A. (1992) Questions of Kazakh language. – Almaty: Ana tili [Baitursynov A. Til taғыlymy. – Almaty: Ana tili.
- 5 Ediskun, H. (2017) Yeni Türk Dilbilgisi. – İstanbul: Remzi Kitapevi.
- 6 Eyi, E. (2016) Türkçede Filimsiler İle Bağlanan Birleşik Yapılı Cümleler Üzerine // Anadolu Sosyal Bilimler Dergisi.
- 7 Gencan, T.N. (2001) Dil Bilgisi. Ankara: Ayraç Yayınevi.
- 8 Hengirmen, M. (2002) Türkçe Dilbilgisi. Ankara: Engin Yayınevi.
- 9 Balcı, O. (2016) Kazak Türkçesi, Kırgız Türkçesi ve Türkiye Türkçesi Örnekleriyle Zarf-Fiil Eklerinin Edat Türetme İşlevi // SUTAD. № 39.
- 10 Zhunussova, B.; Baimurynov, Z. (2024) The Nature and Function of the Ancient Turkic Functional Word “Birlan” in Modern Turkic Languages (Using the Example of the Kazakh Language) // Forum for Linguistic. 6(6).
- 11 Tekin, T. (2003) Orhon Türkçesi Grameri. 2. Baskı. – İstanbul: Sanat Kitabevi.
- 12 Gülsevin, G. (1990) Türkçede Şart Gerundiumu Üzerine // Türk Dili. №467(2). Ankara: TDK Yayınları.
- 13 Karahan, L. (1994) -sa/-se Eki Hakkında // Türk Dili. – №516. – Ankara: TDK Yayınları.
- 14 Shabaev, G. (2016) Verb Nomination in the English Language: Analytical Lexemes // Journal of Siberian Federal University // Humanities & Social Sciences. №10.
- 15 Khassenov, B. (2021) Sound symbolism in the Proto-Turkic language // 3L: The Southeast Asian Journal of English Language Studies. T.27 (1).

Received: 11.05.2025

MFTAP 16.21.27

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss2pp131-146](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp131-146)

Г.С. Закиряева¹, С.А. Жиренов¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, 050010, Қазақстан Республикасы

СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТЫНДАҒЫ КОНФЛИКТ ПЕН ТІЛДІК АГРЕССИЯ

Тіл болмысы – көптеген құзыреттіліктер мен артықшылықтарға ие. Тілге тән құзыреттіліктер мен қызметтердің қатарына эмоционалды-экспрессивтік функциясын жатқызуға болады. Тіл арқылы адамның ішкі сезім-күйі мен эмоциясы сыртқа шығады. Ал сезім мен эмоция жағымды (қуану, таңдану, шаттану, риза болу, т.б.) болуы да мүмкін, жағымсыз (ұнатпау, ренжу, ашулану, налу, т.б.) болуы да мүмкін. Тіл арқылы жарыққа шыққан ойды біреулер құп көрсе, енді біреулер терістеп, конфликтіге келуі мүмкін. Мұндай жағдайда этнос даналығындағы «он пәленің тоғызы тілден» деген тәмсілмен астасып, тілдік конфликт пен агрессия пайда болады. Тілдік агрессия көптеген ғылым салаларының зерттеу объектісі болған сан қырлы құбылыс. Конфликт және тілдік агрессия – коммуникация барысында туындайтын, сонымен бірге әлеуметтік топтар мен